

Бағдарламаның 1-2-бөлімінің шарттары бойынша өтінішті қарау үшін қажетті өтінішке қоса берілетін негізгі құжаттардың тізбесі:

1. Мәселенің мәнін сипаттай отырып, клиенттің өтініші
2. Жеке куәлігі
3. Қарыз алушының және оның жұбайының (зайыбының) ХҚКО-ға жүгінген күні Банкке берілгенге дейін кемінде 3 күн бұрын алған Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлкінің болуы (болмауы) туралы анықтаманы (Қағаз түріндегі анықтама (өтінішті тіркеген күннен кейін берілген) қарыз алушы мен оның жұбайы (зайыбы) береді.
4. 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушының халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызылғанын растайтын құжаттар (Түпнұсқа/түпнұсқамен салыстырылған және бұл туралы белгісі бар көшірме).
5. Қарыз алушының (тең қарыз алушының, кепілгердің) ол туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға ұсынуға және кредиттік есепті беруге келісімі (Банк филиалында белгіленген нысан бойынша толтырылады) (қажет болған жағдайда)
6. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан ол туралы ақпарат алуға қарыз алушының (тең қарыз алушының, кепілгердің) келісімі (қажет болған жағдайда)
7. Дербес деректер субъектісінің қарыз алушыдан (тең қарыз алушыдан, кепілгерден, кепіл берушіден) оның дербес деректеріне қатысты ақпаратты жинауға, өңдеуге және таратуға келісімі (қажет болған жағдайда)
8. Дара кәсіпкерлер үшін мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын тіркеуші орган берген белгіленген нысандағы құжат (Патент, Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік).
9. Дара кәсіпкер және дербес іспен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебіне қойылғанын растайтын құжат.
10. Тәуелсіз бағалаушының қарыз беру сәтіндегі өзекті жылжымайтын мүлікті бағалау (оның нарықтық құнын анықтайтын және дәлелдейтін) туралы есебі (Түпнұсқа), оның мерзімі оны қайта кепілге қою шартын жасау күнінде жасалған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімді құрайды (қажет болған жағдайда)
11. Жұмыс орнынан табысы туралы анықтама (бар болса)
12. Әскери билет немесе Қызметтік куәлік
13. Соңғы 12 айдағы ағымдағы/карточкалық шотқа жалақы аудару туралы қызмет көрсетуші банктен үзінді көшірме.
14. Анықтама немесе асырауындағы адамдарға арналған шығыстарды растайтын құжаттар (ЖОО-да ақылы оқу, колледж және т. б.)
15. Қайта куәландыру мерзімінсіз мүгедектікті растайтын анықтама
16. Науқастың ауруы мен диагнозын растайтын анықтама
17. Халықты жұмыспен қамту орталығынан жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама

Банк қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін

Қаржыландыру/жалдау жөніндегі өтінішті қарау үшін қажетті өтінішке қоса берілетін негізгі құжаттардың тізбесі:

1. Клиенттің өтініші
2. Қарыз алушының және оның жұбайының (зайыбының) (тең қарыз алушының, гаранттың, кепілгердің, кепіл берушінің және оның жұбайының (зайыбының)) жеке басын куәландыратын құжат)
3. Қарыз алушының және оның жұбайының (зайыбының) ХҚКО-ға жүгінген күні Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлкінің болуы (болмауы) туралы анықтама

4. Әкімдіктен алған күні тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттардың, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын беру туралы шарттардың болуы/болмауы туралы анықтама.
5. Некені тіркеу/бұзу/ қайтыс болу туралы куәлік / балалардың туу туралы куәлігі (қарыз алушы мен оның жұбайы (зайыбы) көшірмелерді ұсынады)
6. Банкке берілгенге дейін кемінде 3 күн бұрын ХҚКО-дан алған ҚР-ның барлық аумағында азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама (некенің жоқтығын растау үшін) (Түпнұсқасын қарыз алушы және оның жұбайы (зайыбы) береді)
7. Қарыз алушының жұбайының (зайыбының), кепіл беруші жеке тұлғаның жылжымайтын мүлікті кепілге/қайта кепілге беруге және оны соттан тыс өткізуге келісімін растайтын құжат (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда). (Қарыз алушының, кепіл берушінің жұбайы (зайыбы) нотариуспен куәландырылған құжаттың түпнұсқасын ұсынады).
8. Кепіл мүлкіне тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама (Кепіл беруші анықтаманы қағаз түрінде I рет ұсынады (Кепіл шартын тіркеуші органда тіркегеннен кейін).
9. Тәуелсіз бағалаушының қарыз беру сәтіндегі жылжымайтын мүлікті бағалау (оның нарықтық құнын анықтайтын және дәлелдейтін) туралы есебі (Түпнұсқа)
10. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жылжымайтын мүлікті кепілге беруге және оны иеліктен шығаруға рұқсатын (келісімін) растайтын құжат (егер жылжымайтын мүліктің меншік иесі кәмелетке толмаған адамдар және сот әрекетке қабілетсіз (әрекетке қабілеттілігі шектеулі) деп таныған адамдар болып табылса) (Түпнұсқа ұсынылады (қарыз беру кезінде))
11. Қарыз алушының (тең қарыз алушының, кепілгердің) ол туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға ұсынуға және кредиттік есепті беруге келісімі (Банк филиалында белгіленген нысан бойынша толтырылады) (қажет болған жағдайда)
12. Қарыз алушының (тең қарыз алушының, гаранттың) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан ол туралы ақпарат алуға келісімі (қажет болған жағдайда)
13. Дербес деректер субъектісінің қарыз алушыдан (тең қарыз алушыдан, кепілгерден, кепіл берушіден) оның дербес деректеріне қатысты ақпаратты жинауға, өндеуге және таратуға келісімі (қажет болған жағдайда)
14. Дара кәсіпкер және дербес іспен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебіне қойылғанын растайтын құжат.
15. Дара кәсіпкер және дербес іспен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебінен шығару (шығарудан бас тарту) туралы жазбаша растау.

Банк қосымша құжаттар талап етуі мүмкін